

Медициналық көмекті ұйымдастыру  
Медициналық мекемелердің негізгі  
түрлері.




# Медициналық мекемелер 2 ге бөлінеді

Амбулаториялық



Стационарлық





Мекемелердің амбулаториялық түріне жатады:

Амбулатория

Медико-санитарлық бөлім

Фельдшерлік-акушерлік пункт

Емдік пункттер

Клинико-диагностикалық орталық

Диспансер

Емхана

Әйелдер консультация

Жедел-жәрдем станциясы

Мекемелердің амбулаториялық түрін жазыңыз!

Мекемелердің стационарлық түрін жазыңыз!

## Сәйкестігін табыңыз.

- ▶ **1. Вербалды-** ауызша немесе жазбаша
- ▶ **2. Вербалды емес-** ым, мимика
- ▶ **Коммуникация-** адамдардың қарым-қатынас арқылы хабарлармен алмасуы.
- ▶ **Рутинер мейірбике–** машина немесе робот сияқты ештеңеге қарамастан өз жұмысын бітіріп кете береді, ол қарым –қатынас дағдыларын ескрместен жұмысын жасай беретін адам.  
Ештеңкені сезбейтін, мейірімсіз жан.
- ▶ **2. Әртіс мейірбике –** жұмыстағы ролын жақсы ойнайды, өтірік мейірімділік танытып, елге жаға біледі, қулықпен, алдап жүреді.  
Керекті жерде өз ролын өзгертіп шыға келеді. Жасанды қылықтар істейді.





ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ОРТАДЫҚ

№1 ЕМХАНА

MIND VISION



КАЗНАЯ КАШЫҚА

Mede




- **Емхана** - келген науқастарға, сондай-ак үйде, аурулардың және олардың асқынуларының алдын-алу бойынша емдеу-профилактикалық шаралар жүргізіледі; барлық мамандық дәрігерлері қабылдайды; лабораторлық, диагностикалық және емдеу бөлмелері бар;

- **Амбулатория** (шағын поселоктың, өнеркәсіптік кәсіпорынның немесе ауылдық жердің тұрғындары үшін) немесе фельдшер-акушерлік пункт (ауылдық жерде); амбулаторияда ауруларды қабылдау тек негізгі мамандықтар бойынша жүргізіледі (терапевт, хирург, стоматолог, гинеколог);







- Диспансерлер - диспансерлік әдіспен жұмыс істейтін ерекше мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекеме, белгілі бір аурумен сырқаттанатын адамдарды емдейді (онкологиялық, психоневрологиялық және т.б.);;

- Жоғары квалификацияланған медициналық
- көмек көрсететін мамандандырылған клиника-диагностикалық орталық (көбінесе ірі көпсалалы ауруханаларда, медициналық университеттерде және т.б.);

## Емдік пункт

МСБ немесе емхананың құрамдас бөлігі (кәсіпорындарда, құрылыстарда, жоғары және орта оқу орындарында), мұнда алғашқы медициналық көмектен басқа аурушылықтың алдын-алу және төмендету үшін жоспарлы санитарлы-гигиеналық әрі емдеу-профилактикалық шаралар жүргізіледі;

Ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарда медициналық көмекті **медико-санитарлық бөлім (МСБ)** көрсетеді (оның құрамына стационар, емхана, здравпункт, профилакторий кіруі мүмкін);

**Жедел жәрдем станциясы** тәулік бойы жұмыс істейді, тұрғындарға шұғыл кезде көмек көрсетеді; бригаданы шақыруға өзі баратын, өзі алғашқы көмек көрсететін және науқасты ауруханаға жатқызатын фельдшер басқаруы мүмкін; жедел жәрдем көлігіндегі қазіргі кездегі құралдар стационарға дейінгі жолда шұғыл көмек көрсетуге және реанимациялық шаралар жүргізуге мүмкіндік береді.





Стационарлық типтегі емдеу мекемелеріне жататыны:

Аурухана

Клиника

Госпиталь

Шипажайлар

Медико-санитарлық бөлім

Хоспис



- **Аурухана-**  
*медицина ғылымы мен техникасының соңғы жетістіктерінің негізінде тұрғындарға жоғары квалификацияланған көмек көрсетеді; кеп салалы және мамандандырылған болуы мүмкін*  
2) **Госпиталь** - әскери немесе мүгедек адамдарды емдейді;





**Клиника** науқастарды емдеумен қатар ғылыми зерттеу жұмыстары және студенттерді, дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлерді оқыту ісі жүргізілетін ауруханалық мекеме;  
**Шипажай**-науқастардың емін жалғастыратын стационарлық мекеме; негізінде оны минералдық сулары, емдік балшықтары бар жайлы климатты жерлерге (курортта) салады.

- ▶ **Хоспис**- жазылмайтын дертке шалдыққан науқастардың күтімін жүргізетін мекеме. «Хоспис» сөзі паллиативті (жан-жақты) көмек деген ұғыммен байланысты. Өмірінің соңғы сәтін өткізіп, ажалдың келуін күтіп жататын жер.





- ▶ **Ауруханадағы орта медицина қызметкерлердің көпшілігін мейірбикелер алады. Олардың негізгі бағыттары:**
- ▶ **Емдеу диагностикалық жұмыс:** дәрігерлік шолуға қатысу, дененің қызуын, қан қысымын өлшеу, ауыр науқастардың тамыр соғуын, сырқаттың жалпы күйін және ағзаның физиологиялық қызмет атқаруын, қажет болғанда дәрігерге дейінгі жедел көмек көрсету, дәрі тарату және оны қабылдауын қадағалау, лабораториялық зерттеуге арналған материалдарды алу, түрлі манипуляцияларды жасау мен дәрі құю.
- ▶ **Сырқат күтімі:** киіндіріп шешіндіру, ішкі киімдерін ауыстыру, ауыз қуысын, терісін күту, ойылған жерлеріне алдын алу шараларын жүргізу, ауру науқастарды шомылдыру, тамақтандыру т. Б.
- ▶ **Дайындық жұмысы:** медициналық аспаптарды жуу және зарарсыздандыру, дәрі-дәрмектерді, жұмыс орнын дайындау.
- ▶ **Құжаттармен жұмыс:** дәрігерлік белгілеулер қағазын жүргізу: лабораториялық аспаптармен зерттеуге, қан алу және кеңес беруге жолдама жазу, дәрігерлік шолуға дейін ауру тарихын дайындау, ауруханадан шығу қағазын толтырып беру.

- ▶ **Әрбір диспансер мейірбикесі сырқат есебін жүргізеді:** алдын алу шаралардың дер кезінде жүргізілуін қадағалайды, сырқаттың дәрігер қабылдауына келуін ұйымдастырады, патронажды жұмыс атқарады, үйлерінде үнемі санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізеді.
- ▶ **Мейірбике барлық дәрігерлік тағайындауларды** (оңқа, қыша қағазы, қыздыратын компресс, сүлік қою) орындайды.
- ▶ **Амбулаториялар мен емханалардың мейірбикелері** жұмыс бөлмесін дайындайды, жұмыс үстелінің жағдайын тексереді, дәрігер қабылдауын бастамас бұрын 15 минут ерте келуі тиіс.
- ▶ **Қабылдау кезінде дәрігерге көмек:** дәрігердің айтуымен рецепттер жазу, сырқатқа қанды, нәжісті, зәрді қалай жинап, қайда тапсыру керек екендігін және басқа зерттеулерді, дәріні қалай ішу керек екенін немесе ішек қарын т. Б. рентгендік зерттеуге қалай дайындау керек екендігін түсіндіреді.
- ▶ Диспансерлік есепте тұрған сырқат құжаттарын тәртіпке келтіру және олардың дәрігерге уақытылы келуін қадағалау.
- ▶ Мейірбике үнемі цехтарда басқа да жұмыс істейтін жерлерде еңбек шарттарын және қауіпсіздік техникасын сақталуын бақылайды, өндірісте зақымдануды болдырмау үшін алдын алу жүргізеді. Дәрігерге дейінгі жәрдем көрсетеді, медициналық құжаттарды толтырады.



Назарларыңызға  
рахмет ☺

